"ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҚАРЖЫ МИНИСТРЛІГІ
ІШКІ МЕМЛЕКЕТТІК
АУДИТ КОМИТЕТІНІҢ
ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН
ОБЛЫСЫ БОЙЫНША
ІШКІ МЕМЛЕКЕТТІК
АУДИТ ДЕПАРТАМЕНТІ"
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

РЕСПУБЛИКАНСКОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ
УЧРЕЖДЕНИЕ
"ДЕПАРТАМЕНТ ВНУТРЕННЕГО
ГОСУДАРСТВЕННОГО АУДИТА
ПО ЮЖНО-КАЗАХСТАНСКОЙ ОБЛАСТИ
КОМИТЕТА ВНУТРЕННЕГО
ГОСУДАРСТВЕННОГО АУДИТА
МИНИСТЕРСТВО ФИНАНСОВ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН"

160002, Шымкент қ., Водопьянов көшесі, 14-ғимарат
Тел.: 8 (7252) 35-06-06, факс: 35-10-01, РММ коды 2170025,
СТТН 582100008585, ЖСК KZ 92070101 KSN 0000000,
БСН 000440001616, ОҚО бойынша Қазынашылық Департаменті

160002, г. Шымкент, ул. Водопьянова, 14-здания
Тел.: 8 (7252) 35-06-06, факс: 35-10-01, Код РГУ 2170025,
РНН 582100008585, ИИК KZ 92070101 KSN 0000000,
БИН 000440001616, Департамент Казначейства по ЮКО

27.02.2018ж. № 09-15/876

«Ақ Маржан LTD»
ЖШС-нің директоры
Е.Т.Тавбазаровқа
ОҚО, Төлеби ауданы, Ленгір қаласы, Амангелді көшесі, 5

Сіздің 12.02.2018ж. №2656 шағымыңызға

ОҚО бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департаменті тарапынан, «Оңтүстік Қазақстан облысының білім басқармасы» мемлекеттік мекемесімен www.goszakup.gov/kz веб-порталында ашық конкурс тәсілімен өткізілген №2136996-1 «№4 колледжіне азық-түлік тауарларын мемлекеттік сатып алу» электрондық мемлекеттік сатып алу процедурасының, Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңнамаларына сақталуына камералдық бақылау жұмыстары жүргізіліп, Сіздің 12.02.2018ж. №2656 шағымыңыз назарға алынды.

Камералдық бақылау жұмыстарының нәтижесінде, жоғарыда аталған конкурстың №15314511-ОК1 «Хлеб» және №15314034-ОК1 «Хлеб» лоттары бойынша әлеуетті өнім беруші – «Ақ Маржан LTD» ЖШС-нің конкурстық өтініміне қатысты келесідей анық емес (недостоверная информация) ақпарат беру фактісі анықталды. Атап айтқанда, аталған әлеуетті өнім берушінің тауарларды дайындап жеткізумен айналысатын қызметкерлерінің медициналық тексеруден өткендігін дәлелдейтін құжаттарының (медициналық кітапшалар) нөмірлері мен даталары бірдей. Дәлірек айтқанда, К.Р.Бегалиеваға, С.У.Бегимбаевға және П.К.Тулебаеваға берілген медициналық кітапшалардың, медииналық тексеруден өткендігін дәлелдейтін беттері, мөрлері, қойылған қолдары, даталары мен нөмірлері бірдей. Яғни, бір медициналық кітапшаның медициналық тексеруден өткендігін дәлелдейтін беттері бірнеше адамның аттарынан ұсынылған. Дәл осындай факті, М.Е.Мухановқа, Ш.Бахытбекке жәнеА.А.Зарлыкбаевқа берілген медициналық кітапшалардан да анықталды. ҚР 2015 жылғы 4 желтоқсандағы №434 «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының (әрі қарай – Заң) 11 бабының 2 тармағына сәйкес, әлеуетті өнім беруші ұсынатын ақпараттың анықтығын уәкілетті орган не мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органы мемлекеттік сатып алуды жүзеге асырудың кез-келген сатысында анықтай алады. Осыған байланысты, әлеуетті өнім беруші – «Ақ Маржан LTD» ЖШС-нің

конкурстық өтінімі, анық емес ақпарат ұсыну фактысы бойынша Заңның 10 бабының 1 тармағы 3) тармақшасының негізінде, біліктілік талаптарына сәйкес келмейді деп танылып, ҚР Қаржы министрінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы №648 бұйрығымен бекітілген «Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларының» 150 тармағының 1) тармақшасына сәйкес конкурстан шеттетілуі тиіс.

Аталған жауаппен келіспеген жағдайда, Сіздің Қазақстан Республикасының «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау туралы» Заңының 12, 14 баптарына сәйкес, өтінішті қарау бойынша жоғары тұрған органға немесе сотқа шағымдануға құқылы екендігіңізді түсіндіреміз.

Басшының орынбасары **Қ.Т.Сапарбеков**

Орын: Б.Мамутов
тел: 35-06-06